

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Емдеу-сауықтыру бірлестігін тарату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 14 желтоқсан N 1724

"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 6 қарашадағы N 2600 U952600_ Жарлығының негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Емдеу-сауықтыру бірлестігі таратылсын, оның мүлкі мен ісін басқару өкілеттігі Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасына берілсін.

2. Мыналардың:

"Қазақ ССР Министрлер Советі жанынан Емдеу-сауықтыру бірлестігін құру туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1990 жылғы 5 ақпандағы N 48 қаулысының;

"Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің жанындағы Емдеу-сауықтыру бірлестігі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 28 ақпандағы N 138 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары